



«Адал ұрпақ» ерікті клубының қазан айындағы ақпараты

Мектепте 1 қабатта «Парасатты азамат» ақпараттық стенді бар. Стенд ай сайын жаңартылып отырады. Бұрыштың басты мақсаты-азаматтыққа, патриотизмге, адамның құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне құрметпен қарауға, адамгершілік сезімдер мен этикалық санаға, сыбайлас жемқорлықты қабылдамау мәдениетіне тәрбиелеу, еңбексүйгіштікке, оқуға, еңбекке, өмірге шығармашылық тұрғыдан қарауға тәрбиелеу.



Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша құрылған жоспар бойынша жұмыстар атқаруда. Қараша айында «Адал болу адамға не үшін қажет»; «Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-қауіпті көрініс», «Сыбайлас жемқорлық және сыбайлас жемқорлықтың салдары» тақырыбында 1-11 сыныптар аралығында сынып сағаттар өткізілді. Сынып сағаттар барысында оқушылар жемқорлық туралы мағлұматтармен танысты.

1-4 сыныптар «Адал болу адамға не үшін қажет» тақырыбында сынып сағаттары қашықтықта өткізілді. Ондағы мақсат оқушыларға адам бойындағы адалдық, әділдік сезімдерін ұғындыру. Оқушыларға адамның алға қойған мақсаты мен оған жету жолындағы адалдық пен әділдік жөнінде ізденістерін саралап, нәтижелі іс жасау керектігіне назар аударту. Оқушылар «адалдық, әділдік» сөздеріне өз тұжырымдарын жазып жіберді. Берілген сауалдарға оқушылар өз пікірлерін жеткізді. Әділдікке жету мақсатында «мақсат», «адалдық» ұғымдарының мағынасын ашу үшін жұмыс жасалды. Қазақтың адалдық жайында өзіндік пайым - түсінігі туралы Ұлы Абай: «Алдау қоспай, адал еңбегін сатқан, қолы өнерлі қазақтың әулиесі сол», - дейді. Адамгершілік ұжымдық ортада бойына сіңірген тәрбиесіне, біліміне, адал еңбектенуге байланысты қалыптасып, адамның жеке басы мен моральдық тұлғасын сипаттайды. Жүректен - жүрекке шеңберімен аяқталады. Оқушылар жүрек жарды тілектерін жазып жіберді.






5-8 сыныптар «Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-қауіпті көрініс» тақырыбында қашықтықтан сынып сағаттары өткізілді.

Тәрбие сағаты барысында ссыла беріліп, онда: сыбайлас жемқорлықтың қоғам үшін ең өзекті мәселелердің бірі болып табылатынын және оның кеселі біздің мемлекетімізге әлеуметтік дамуымызды тежейтіні айтылған. Сондай-ақ, жас ұрпақ үшін сыбайлас жемқорлық болашағына балта шабатын қауіп екені көрсетілген.

Сонымен қатар, оқушылар Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» Заңның 2, 3, 5, 14, 24 баптарымен таныстырылып, ақпарат алды.

Сыбайлас- жемқорлыққа қарсы слайд, бейне-сюжеттер көрсетіліп, оқушылардың өзіндік пікірлері тыңдалып, алған әсерлері туралы ой бөлісті. Күнделікті теледидардан көрген сыбайлас жемқорлыққа байланысты келеңсіз іс-әрекеттер туралы айтылды. Өздері осындай келеңсіз оқиғаға куәгер немесе хабардар болған жағдайда 1424 сенім телефонына хабарласу керек екендігі ескертілді.



«Адал ұрпақ» клубы жоспарына сәйкес 2020 жылы 23 қазан күні «Адал ұрпақ» клубы мүшелерінің ұйымдастыруымен «Қоғамдық тәртіп негіздері» практикалық пікірталас өткізілді. Практикумды жүзеге асырудың негізгі нысаны пікірталас болды, барысында оқушыларға өз пікірін айту ұсынылды. Қатысушылар 2 топқа бөлінді. 1 тапсырма

«Құқық бұзушылықтарға мүлдем төзбеушілік» ұғымының мағынасын ашу. Неге «тәртіпсіздікке мүлдем төзбеушілік» мәдениетін құру мұнша маңызды болып табылады?

2 тапсырма

«Сыбайлас жемқорлық – қоғамның және мемлекеттің мемлекеттік қызметшіге артқан сенімін кетіру» пікірін негіздеу. Әр адам не істей алады? Сыбайлас жемқорлықсыз мемлекет қандай болады?

Пікірталас жоғарғы деңгейде өткізіліп, оқушылар өз ойын жетікжетізе білді.

